

Хаттама №2

А.С.Пушкин атындағы орта мектеп

13мамыр 2022 жыл

Қатысқаны- 9

Қатыспағаны – 0

Күн тәртібінде:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу
2. «Қамқор-қайырымдылық» акциясының қорытындысы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша учаскелік инспектор Ебжасаров Тимур

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен бос жүрудің алдын алу қажеттігін ескерте отырып, қылмыс жасаған оқушылар жазадан шет қалмайтыны, тәртіпті бұзған жағдайда жауапкершілікке ата-ана да тартылатыны, мемлекеттік мөлшерде белгіленген көрсеткіш бойынша айыппұл төлейтіндері туралы айтты.

Қылмыс бәрі де кішкентай нәрседен басталатынын, алғашқы да сабақтан жалтару, ересек немесе кішілерге дөрекі мінез көрсету, рұқсатсыз бөтен адамның затын алу сияқты әрекеттерден басталатынын айтып түсіндірді. Сондықтан, біз балалық шалалықтан басталатын жай қылықтар ауыр қылмыстарға алып келетінін ондай қылмыскер атанғанша, Заңға және адамзаттың жылдар бойы жинаған тәжірибелерінен тұратын нақты ережелерге бағынып, жақсы және дұрыс өмір сүру керек екенін, адам баласының құлағына түрпідей тиетін жас балаларды зорлау, бірін-бірі аяусыз тепкілеу, топталған төбелес, суық қарумен жүру және оны пайдалану фактілерінің жиілеп кетуі қоғамда үлкен алаңдатушылық тудыруда.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Қ.Нұғыман

Биылғы оқу жылында оқушылардың әлеуметтік жағдайы анықталып, көмекке мұқтаж оқушыларға қайырымдылық көрсетумен басталды. Акцияның мақсаты күнкөрісі төмен, көп балалы, және тұрмысы төмен отбасынан шыққан, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған анықталған балаларға әлеуметтік көмек көрсету. «Мектепке жол» акциясы аясында 45 оқушыға оқу құралдарынан көмек берілді.

Сөйлегендер:

Есетбаева Жаңагүл-мүшесі

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан түрлі қауіпті және қиын жағдайлардан әркез сақ жүру және қорғана білу керек. Балаға қандай да қауіп төрген жағдайда айқайлап жан-жағында көрінген адамдардан көмек сұрауға арланбау қажеттігін айтып түсіндіру қажет. Жасөспірімдер тәрбиесі-қоғам тәрбиесі. Ұлттың адаспай ұлт болып қалуы, қоғамның ырғақты дамуы, мемлекеттің өркендеуі.

Жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе шешім етеді:


1. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу туралы нақты іс шаралар үнемі өткізілсін. Құқықбұзушылыққа бейім оқушылар үнемі зерделеніп, ата-аналарымен үгіт-насихат жұмыстары жүргізілсін.
2. Әлеуметтік жағдайы төмен, жетім, көп балалы о басыларды анықтау әлеуметтік педагог Қ.Нұғыманға міндеттелсін.

Кеңес төрағасы:



Е.Алмышев

Кеңес хатшысы:



Г.Табанова

Хаттама № 3

А.С.Пушкин атындағы орта мектеп

16 қыркүйек 2022 жыл

Қатысқаны- 9

Қатыспағаны – 0

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы
2. Мектептің –материалдық базасын нығайту

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Нұғыман Қ

Осы оқу жылында «Мектепке жол» акциясы бойынша жұмыстар атқарылды. Әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына мектеп формасы және қажетті оқу-құралдары таратылды. Биылғы оқу жылында оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерделеніп ыстық тамаққа тартылды. Аз қамтылған отбасы, жетім көп отбасы балаларына ЖМОҚ45 оқушыға 300487 теңге95 тиын қаражат бөлінді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директоры Мырзағалиев Алпамыс

Мектептің материалдық базасын нығайту барысында мектеп ұжымы кластарға жаңалау үшін сұраныстар берілді. Мектеп асханасына жаңадан ыдыс-аяқтар, асханаға керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Мектеп базасын нығайту үшін биылғы оқу жылына да материалдық құрал-жабдықтарға сұраныстар берілді.

Жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе кеңес отырысы қаулы етеді:


1. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын ескере отырып, оларды үнемі назарда ұстау, көмек беру әлеуметтік педагог Нұғыман Қанатқа міндеттелсін.
2. Мектеп материалдық базасын нығайту мектеп әкімшілігіне міндеттелсін.

Кеңес төрағасы:



Е.Алмышев

Кеңес хатшысы:



Г.Табанова

Хаттама № 4

А.С.Пушкин атындағы орта мектеп

23 желтоқсан 2022 жыл

Қатысқаны- 9

Қатыспағаны – 0

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмысын қорытындылау
2. Әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға көмек көрсету

Тыңдалды. Е.Алмышев –кеңес төрағасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 22-қазандағы №501 бұйрығының күші жойылып, 2017 жылғы 27 шілдеде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №355 бұйрығымен «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» болып өзгертіліп, 2017 жылдың 29 қыркүйегінен бастап күшіне енді. Бұл орган мектептегі қамқоршылық кеңесінің құрамын, оларды дамыту стратегиясын бекітеді, сондай-ақ олардың қызметіне байланысты өзге де маңызды мәселелерді қарайды. Қамқоршылық кеңесі- стратегиялық мақсаты мен міндеттерін айқындайтын, сенім ашықтық, еріктілік және алқалық қағидалар мен жұмыс істейтін мектептің басқарудың қоғамдық органы, жоғарыда қамқоршылық кеңесі басты басқару органы болып табылады. А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің қамқоршылық кеңесі 9 мүшеден құралған.

А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысында мектеп қабырғасында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аздақамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға көмек көрсету мақсатында қамқоршы кеңесі бірауыздан, мектеп фойесіне «Мейірімділік-асыл қасиет» қайырымдылық жәшігі қойылды. Түскен қаражат кеңес мүшелерінің шешімімен жоғарыда аталған санаттағы оқушылардың мұқтажына жаратылады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Қ.Нұғыман

Қыркүйек айында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, көмекке мұқтаж отбасылардың мектеп формасын алу үшін мектеп мұғалімдері, ауыл кәсіпкерлері бір кісідей ат салысты. Атап айтар болсақ, жеке кәсіпкер Нұрқаева А, Сисенбаева И. Ата-ана Айтжанов Тұрлыбек.

Акцияның мақсаты –әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардың балаларына көмек көрсету. Мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу, киімдерінің, аяқ –киімдерінің, мектеп құралдарының бар-жоғын бақылау. Әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға әр уақытта көмек көрсетіліп тұрады.


Сөйлегендер: Биржанова И- ата-ана

Мектеп оқушылары осы оқу жылында оқулықпен қамтылған. Мектепте тәрбиелік мәні бар мектепішілік іс-шаралар өткізіліп отырады. Биылғы оқу жылында да оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары жақсы деңгейде жүргізілген. Жағдайы төмен, көп балалы толық емес отбасы оқушылары тізімі жасалып анықталған.

Жоғарыдағы мәселені талқылай келе, кеңес отырысы қаулы етеді:


1. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмысы нәтижелі болғандықтан, қанағаттанарлық деп бағалансын,
2. Оқушылардың толықтай әлеуметтік жағдайы зерттеліп, тұрмысы төмен отбасыларға көмек алуға қажетті құжаттар тізімі уақытында тапсырылсын.

Кеңес төрағасы:



Е.Алмышев

Кеңес хатшысы:



Г.Табанова

Хаттама № 1

А.С.Пушкин атындағы орта мектеп

14 қаңтар 2022 жыл

Қатысқаны – 9 Қатыспағаны - 0

Күн тәртібінде:

1. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту барысы
2. Оқушылардың өмір қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету
3. Қамқоршылық кеңес жұмыс жоспарын талқылау, бекіту

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Нұғыман Қанат

Балалардың тамақтану сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік беру мақсатында осы қызметті көрсетуге неғұрлым дайындалған өнім берушіні таңдауға мүмкіндік беретін өлшемдер қарастырылған. Биылғы оқу жылында да тамақ өнімдерін сақтау жағдайына, дайындалатын тағамдардың қауіпсіздігі мен сапасына баса назар аударылды. Арнайы ас мәзірі мектеп медбикесімен бақыланып, қадағаланып отырады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша АӘД мұғалімі Ә.Нұралы

Мектепте қауіпсіздік қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. Өрт қауіпсіздігі талаптары сақталып отырады. Оқушылардың күнделікті қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері тарапынан кезекшілік кестесі құрылып, бекітілді. Сол күнгі кезекшілікті ұйымдастырып, мектеп директоры, оқу-тәрбие орынбасарлары және өзін басшылық жасаймын. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге іс-шаралар жоспары құрылып, жұмыстар жасалып жатыр. Мектепке бөгде заттар жарылыс қауіпті заттарды әкелуге қатаң тыйым салынсын.

Оқу жылында бекітілген жоспарға сәйкес іс-шаралар жоспарлы жүргізіліп отырады. Атап айтатын болсам, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жарақаттанушылықтың алдын алу тақырыбында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен сабақтар, сұхбаттар өткізілді. Жолда жүру ережелерін білу дағдыларын жетілдіруге бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылып, жас инспекторлар, жас өрт сөндірушілер жасағы құрылды.


Сөйлегендер:

Атамұратов Ж-мүшесі

Бүгінгі күн тәртібіндегі қойылған мәселелердің барлығы өзекті, маңызды. Бірінші мәселе бойынша айтар болсам, әлеуметтік жағдайына қарапоқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы орынды. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі тек мұғалімге ғана артылмауы керек, мұғалім, ата-ана болып назарда ұстауымыз қажет.

Жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе шешім етеді:

1. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы және тамақтың сапасына бақылау жасау әлеуметтік педагог Қ.Нұғыманға және мектеп медбикесі Ж.Сахтапбергеноваға жүктелсін.
2. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар өткізу және оқушылардың қауіпсіздігін қатаң бақылау АӘД жетекшісі Ә.Нұралыға жүктелсін.

Кеңестің төрағасы:  Е.Алмышев

Кеңестің хатшысы:  Г.Табанова